



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



17.01.19 ж. Колледж психологтары А.Н.Оскенбаева, Н.Е.Мұхамодиеваның ұйымдастыруымен өткен «Арыңды сақта, бойжеткен!» тақырыбында №2 Аналар үйінің координаторы С.Ю.Қазбекова кездесу

өткізілді. Мақсаты: әлемде, жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер берді. С.Ю.Қазбекова өз сөзінде «Ана үйі» жобасында қазіргі таңда аналар үйінде өмір сүріп жатқан жасөспірімдердің өмірлерінің бір көріністерін сипаттап, түсіндіріп өтті.

Құқық бұзушылықтың алдын алу комиссиясы



29.01.2019 жылы колледж директорының құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р. Усеновтың ұйымдастыруымен және Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Сейтбеков Бауыржан

Жолдасұлының қатысуымен «Түркістан», «Қызылорда», «Қарағанды», «Ақтөбе» облыстарында орын алған құқық бұзушылық фактілері бойынша 301, 304, 306 топ студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



30.01.2019 жылы колледж директорының ҚБАЖ меңгерушісі Р. Усенов, тәрбие жұмысының жөніндегі меңгерушісі Л. Мейрманова, колледж психологтары А. Өскенбаева, Н. Мұхамодиева

элеуметтік педагог А. Буксукбаева және Д. Амирбеков «Түркістан», «Қызылорда», «Қарағанды», «Ақтөбе» облыстарында орын алған құқық бұзушылық фактілері бойынша 2, 3, 4 курс студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігі Республикалық «Жас дарын» ғылыми әдістемелік педагогикалық журналының ұйымдастыруымен «Ең үздік» ғылыми жоба байқауына қатысып, үздік жоба номинациясын жеңіп алған 302 топ студенті Сүйінбекұлы Кәрімнің ғылыми жұмысына басшылық жасағаны үшін Ж.Н. Сарыбекова Грамотамен марапатталды.



Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігі Республикалық «Жас дарын» ғылыми әдістемелік педагогикалық журналының ұйымдастыруымен «Ең үздік» ғылыми жоба байқауына қатысып, үздік жоба номинациясын жеңіп алған 302 топ студенті Сүйінбекұлы Кәрімге ғылыми жұмысына жетекшілік жасағаны үшін А.Б. Айдралиева Грамотамен марапатталды.



Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігі Республикалық «Жас дарын» ғылыми әдістемелік педагогикалық журналының ұйымдастыруымен «Ең үздік» ғылыми жоба байқауына қатысып, үздік жоба номинациясын жеңіп алған 305 топ студенті А.М. Мусабаяеваға ғылыми жұмысына жетекшілік жасағаны үшін Д.Қ. Назар Грамотамен марапатталды.



Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігі Республикалық «Жас дарын» ғылыми әдістемелік педагогикалық журналының ұйымдастыруымен «Ең үздік» ғылыми жоба байқауына қатысып, үздік жоба номинациясын жеңіп алған 305 топ студенті А.М. Мусабаяева Дипломмен және «Жас дарын» сыйлығының иегері төсбелгісімен марапатталды.



«Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай Астана қаласындағы «Бөбек» Жалпыұлттық қозғалысы» заңды тұлғалардың қауымдастық нысанындағы бірлестігінің ұйымдастыруымен өткізілген республикалық «Үздік студент 2018» номинациясын иегері Жамбыл медициналық колледжінің 2 курс студенті Абуов Ғани алғыс хатпен және «Жас қыран» төсбелгісімен марапатталды.

Жамбыл медициналық колледжі директорының есебі.



Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы 2018 жылдың қорытындысы бойынша медициналық кеңестерді өткізу кестесіне сәйкес колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова 2017 – 2018, 2018 – 2019 оқу жылының I жарты жылдығының атқарылған іс – шаралар туралы есеп берді. Қорытынды есепке Жамбыл облысының әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының персоналды басқару бөлімінің басшысы А.Н. Құттыбаева қатысты. Колледж директорының есебінде атқарылған жұмыстарға тоқталып, алға қойған перспективті жоспар мен өзекті мәселелерге тоқталып өтті.

Атап айтсақ:
Мейіргерлік білім беруді жаңғырту;
«Мейіргер ісі» мамандығы бойынша қолданбалы бакалавр бағдарламасымен даярлау;
Шетелдік оқу орындарымен тәжірибе алмасу;
Халықаралық ынтымақтастықты нығайту;
Телестудия, IT сынып, тренажер залы, Coworking білім орталығын ашу;
Колледждің материалдық – техникалық базасын ұлғайту (жылыжайды іске қосу, «Фармация» мамандығы бойынша);
Колледжде цифрландыру жұмысын жалғастыру, Smart – college жүйесіне көшу;
Үштілдікті жүйелендіру;
Оқу клиникалық орталығын ашу;
Жаңа мамандықтарға лицензия алу.
Өзекті мәселелер:
Колледж жатақханасы;
Колледж спорт залы;
Колледж асханасы;
Педагогикалық құрамда жоғары медициналық білімді оқытушылар жетіспеушілігі.

Республикалық семинар



Республикалық жоғары медициналық колледжі ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан Республикасындағы мейіргерлік білім беру сапасын қамтамасыз ету және жаңғырту» атты оқыту семинарын колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова сәтті аяқтап, куәлік – сертификатқа ие

болды.

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

- Жамбыл медициналық колледж директорының есебі.
- Республикалық семинар
- Әдістемелік кеңес
- Озық педагогикалық іс-тәжірибе
- Жас мамандар мектебінің отырысы
- Мемлекеттік емтихан (кешкі бөлім)
- 2019 жыл - Жастар жылы
- Ашық сабақ
- Қысқы спартакиада
- Нұр отан партиясының кезекті отырысы
- Кездесулер
- Құқық бұзушылықты алдын алу комиссиясы
- Құтықтаулар

Озық педагогикалық іс-тәжірибе



30.01.2019 ж. Колледжде озық педагогикалық тәжірибені насихаттау және тарату мақсатында әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен №1 жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері

циклдік- әдістемелік комиссиясының төрайымы, жоғары санатты физика пәнінің оқытушысы Р.К.Турсынбаева «Білім беру жүйесін ақпараттандыруда электронды оқыту кешенін пайдалану тиімділігі» тақырыбында озық педагогикалық іс-тәжірибесін таратты. Жаңа ақпараттық технологияны физика сабағында пайдалана отырып, студенттердің білім- білік дағдыларын қалыптастыруда пәнге деген қызығушылығын арттыруға, оны талдай білуге, үйрету мақсатында сабақтарында қолданылған дидактикалық және оқу- әдістемелік кешендерін, электронды нұсқадағы жинақтаған материалдарын, өзінің және студенттерінің жетістіктерін, оқу - әдістемелік құралдарын, тәрбие жұмыстары бойынша материалдарын, студенттердің шығармашық жұмыстарын, үлестірме материалдарын қойып, үлкен шығармашылық көрме жасалды. Озық педагогикалық іс-тәжірибесін тарату мақсатында өткен іс-шараның колледж оқытушылары мен жас мамандар үшін үйретері мол, мағынасы мәнді іс-шара болатыны сөзсіз.



«Мейіргер ісі» мамандығы бойынша мемлекеттік емтихан (кешкі бөлім)

Әдістемелік кеңес



29.01.2019 ж. Әдістемелік кеңес өткізілді. Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қарастырылды.
1. Барлық мамандық бойынша түлектердің жұмыспен қамтылуының сараптамасы. Жауапты: Артықова Л.А.
2. Химия пәнінің оқытылуы мен білім сапасы. Жауапты: Қалымбетова Ж.Б.

3. Білім сапасы және мониторинг орталығының 2018-2019 оқу жылының І-ші жарты жылдығына есебі мен сараптамасы. Жауапты: Мұраталиева Н.М.



17.01-24.01.2019 ж. Колледжде кешкі бөлім «Медбике ісі» мамандығы бойынша № 51, № 52, № 53, бітіруші топтарда мемлекеттік кешенді емтихан өткізілді.

№ 51 топта комиссия төрайымы №9 Қалалық емхананың бас дәрігері Г.С.Рапилбекова. Комиссия мүшелері: Қ.Т.Андакулова, У.К. Оспанова, С.Ш.Джунисбекова, А.А.Қожаберген, О.А.Махамбетова, Ж.Ж.Ахилбекова. № 52 топта комиссия төрайымы: Жамбыл облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясының бас дәрігері А.А. Кабдрахимова. Комиссия мүшелері: Л.Т. Куанышбекова, А.Е.Абилова, Н.Е.Темірбеков, Ж.Ж. Жайпанов, Е.С. Баймолдаева. А.Т. Парманова. №53 топта комиссия төрағасы: қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері Р.Б.Нуржанов. Комиссия мүшелері: Ж.Н.Сарыбекова, Ш.И. Шумаева, С.Б.Усербаева, Н.А. Бегимбаев, Ж.А. Токташева, Л.Ж. Жубатова қатысты.

Жас мамандарға арналған әдістемелік мектептің



16.01.2019ж «Білім беру технологиялары мен әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары» тақырыбында жас мамандарға арналған әдістемелік мектептің отырысы өтті. Күн тәртібінде қарастырылған мәселелер:

1. Цифрлы Қазақстан бағдарламасы аясында «Анатомия пәнінен жаңа технологияларды және «Smart anatomia» әдістерімен таныстыру және тәжірибелік сабақты өткізу әдістемесі. Панорамалық сабақ. Жауапты: Айдралиева А.Б.
2. Цифрлы Қазақстан бағдарламасы аясында «Анатомия пәнінен жаңа технологияларды қолдану арқылы «Smart anatomia» әдістерімен таныстыру. Жауапты: Назар Д.Қ.

3. Цифрлы Қазақстан бағдарламасы аясында «Патологиялық анатомия және патфизиология пәнінен жаңа технологиялармен сабақ өту әдісі. Жауапты: Септесін Г.К.

4. Тәжірибелік сабақ өткізу (6 сағ) бойынша тәлімгер кеңесі. Жауапты: тәлімгер Токташева Ж.А.

5. Студенттердің зерттеу жұмысын ұйымдастыру, жұмыстарды рәсімдеу, оларды жобаны қорғау мен сөз сөйлеуге дайындау» Практикум. Жауапты: Серкебаева А.К.

Семинарды колледж әдіскері Л.К.Батаева семинардың тақырыбы, мақсат-міндеттерімен таныстырды. Колледж психологы Н.Е. Мухамодиева психологиялық дайындық мақсатында «Бағдарламалық жаттығу» тренинг жүргізді.

Цифрлы Қазақстан бағдарламасы аясында «Smart anatomia», «Smart physiology» кабинеттердегі құралдармен әдіс-тәсілдермен анатомия пәні оқытушысы А.Б. Айдралиева мен физиология пәні оқытушысы Г.К.Септесін таныстырды. Анатомия пәні оқытушысы А.Б. Айдралиева мен мейіргер ісі негіздері пәнінің оқытушысы Ж.А.Токташева тәжірибелік сабақты өткізу әдістемесімен таныстырды. «Студенттердің зерттеу жұмысын ұйымдастыру, жұмыстарды рәсімдеу, оларды жобаны қорғау мен сөз сөйлеуге дайындау» тақырыбында үйірме жетекшісі А.К.Серкебаева тәжірибе алмасты. Семинар мақсатына жетті.



2019 жыл -Жастар жылы



жастары қатысты.

23.01.2019 ж. Жамбыл медициналық колледжінің мәжіліс залында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен «Жастар жылының» ашылу салтанатының тікелей эфирін көруге колледждің белсенді

Ашық сабақ



1.02.2019ж. №2 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушы М.Ұ.Жасұзақ «Мейіргер ісі» бөлімі 302 топ студенттерімен «Эпидемиология және жұқпалы аурулардағы мейірикке ісі» пәні бойынша «Ауа-тамшы» жолдарымен тарайтын инфекциялар. Тұмау және басқа да ЖРВИ. Мейірикелік үрдісті ұйымдастыру» тақырыбында ЦӘК ішлік ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Студенттерге тұмау және басқа да жедел респираторлы вирустық инфекциялардың этиологиясын, патогенезін клиникалық белгілерін, профилактикасын және мейірикелік күтімін түсіндіру. Ашық сабақ жақсы деңгейде өтті.

Нұр Отан партиясының кезекті отырысы



31.01.2019ж. Жамбыл медициналық колледжінің базасында «Нұр Отан» партиясының аумақтық филиалы №10 «Алау» бастауыш партия ұйымының «Нұр Отан» партиясының «Бастауыш партия ұйымдарының қызметін жандандыру тұжырымдамасы» жобасын талқылау мақсатында жиналыс өткізілді. Жиналысқа «Нұр Отан» партия мүшелері, №10 «Алау» бастауыш партия ұйымына кіретін мекемелердің қызметкерлері және колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова, колледж оқытушылары қатысты.

Қысқы спартакиада



31.01.2019 ж. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «2019 жыл Жастар жылын» қолдау және Қазақстан халқына жолдаған жолдауында көрсеткендей бұқаралық спорт пен шынықтырудың

қолжетімділігін арттыру мақсатында, колледж оқытушыларымен қызметкерлері арасында «Қысқы спартакиада» жарысы өткізілді.

Қысқы спартакиада жарысының мақсаты: ҚР президенті Қазақстан халқына жолдаған жолдауында көрсетілген міндеттерді қолдау және жүзеге асыру, колледж оқытушылары және қызметкерлерінің спортқа деген қызығушылығын арттыру. Спартакиаданың қорытындысы бойынша командалық жалпы есеппен бас жүлдеге ие болған команда «Ұлы дала бикештері» бөлім меңгерушісі Ж.Б.Қалымбетова, 1 орынға ие болған команда «Алатау» бөлім меңгерушісі З.С.Ескебекова, 2 орынға ие болған команда «Жалынды жастар 1» бөлім меңгерушісі А.М.Мадibraимова, 3 орынға ие болған команда «Достық» бөлім меңгерушісі Ф.Қ. Жапаркулова. Колледждің кәсіподақ ұйымының тарапынан сыйлықтар берілді.

Кездесулер



16.01.2019 ж. Жамбыл облыстық нарколог-дәрігер маманы А.А. Ниязалиева «Өзінді бұзуды доғар. ПБЗ-ның алдыналу» тақырыбында студенттерге дәріс оқып,баяндады.

Аталмыш іс-шараның мақсаты жасөспірімдер арасында зиянды әдеттерден аулақ болуға және салауатты өмір салтын ұстануға шақыру. Кездесу барысында А.А. Ниязалиева әр адамның денсаулығының жақсы болуы көп жағдайда өзіне байланысты болатындығын, кез-келген тұлға өмірінің егесі, ешкім де ол үшін өмір сүрмейтіндігін, сондықтан әркімнің өмірі өзінің таңдауы екені туралы айтып, студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.